

ЖАЗУШЫЛЫҚ ПЕН ДӘРІГЕРЛІКТІ ҚАТАР ҰСТАП...

Қазақтың дарынды ұлы Зейін Шашкин хақында

Өзінің өзекті шығармаларымен төп әдебиетіміздің тарихынан ерекше орын алатын жазушылардың бірі – жерлесіміз Зейін Шашкин. Зейін Жүнісбекұлы қаламы қарышты қаламгер, аудармашы, драматург, сценарист, зерттеуші әрі дәрігер. Ғұмырында талай теперіштер мен қиыншылықтарды басынан өткерсе де жазушы солардың бәріне қайыспай қарсы тұра білді, өзінің зерделі ақыл-ойы мен дарынын халқының игілігі үшін жұмсады.

Зейін Шашкин Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Бозшакөл ауылында 1912 жылы дүниеге келген. Павлодар қаласындағы орта мектепті үздік тәмамдаған талапты жас кейін Мәскеуге оқуға аттанады.

1932 жылы Мәскеудің тарих-философия-әдебиет институтын үздікке бітіреді. Оқып жүрген кезінің өзінде Мәскеуде, Алматыда шығатын газеттерге орыс, қазақ тілдерінде өлең, өңгімелер жазып тұрған. Сол кездегі "Әдебиет майданы" журналында, "Социалистік Қазақстан" газетінде көптеген өлеңдері, өңгімелері жарияланған. 1934 жылы "Абайдың ақындық шеберлігі" ғылыми еңбегі шықты. Бұл кезде 3 Шашкин 22 жаста еді. Кейін ол белгілі ғалым Е.Смайыловпен бірлесіп жоғары оқу орындарына арналған "Қазақ әдебиеті теориясы" оқулығын жазып шықты. Бойына біраз білім жинаған жас Зейін өз білгенін еліне, халқының игілігіне арнағысы келіп, Қазақстанға қайтуды ойлайды.

Алайда тағдырдың тайғақ жолы 3.Шашкиннің алдынан жағымсызды жазықты өткен отыз жетінің зұлмат дауылын тұрғызған еді. Ол 1936 жылы Алматыға көшіп келіп, Журналистика институтында студенттерге лекция оқып жүрді. Зейін лекцияны орысша-қазақша жүргізе беретін өте білімді жан болған. Ахмет Байтұрсынұлы, Тұрар Рысқұлов, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин және тағы басқа қазақтың бетке ұстар абзал азаматтарының атына "халық жауы" деген жалпа байланып, алды атылып жатқан кезінде, 3.Шашкиндей зорек жанның Қазақстанға "көптік" өтетінін сол кездегі солақай саясаттың жаршылары елеусіз қалдырған жоқ. 1938 жылы Семейге іссапармен барып, сондағы педагогикалық

институтта лекция оқып тұрған жерінде оның қолына кісәң салынады. Ол кезде Зейіннің жасы 26-ға да толмаған болатын. Сөйтіп, жазушы сол ұсталғаннан туған ұстап үшін көп уақытқа дейін хабарсыз кетеді.

Семейде ұсталынған Зейін Алматыда жеңелтіледі. Алматыдағы Дзержинский - Калинин көшелерінің қиылысындағы сұр үйдің жертелесінде екі жыл бойы азап пен зорлық-зомбылық көреді. Ол жан қинаудың небір қатыгез амалдарына төзіп бақты. Ақыры "халық жауы" деген қара таңба маңдайына жағылып, 10 жылға Иркутск облысына жер аударылады.

Екі жылғы Алматы түрмесінде қамауда жатқандығы қоса есептеліп, ол 1941 жылдан 1948 жылға дейін Сібірдің Тайшет, Ново-Чунко деген жерлеріндегі арнаулы ауруханада дәрігердің көмекшісі болып орналасып, жазасын сонда өтеді. Тағдыр тәлкегімен дәрігерлік жолға осылай қадам басты. Басына қиын-қыстау кезең түскенде оның қасынан жақсы адамдар да табылды. Зардап көшіп жүрген кезінде оның қолтығына демеу болған Ялтадағы Климаттық емдеу ғылыми-зерттеу институтының кафедра меңгерушісі, көрнекті ғалым М.С.Биншток еді. Сібірдің сүйек қарыған суығынан Зейін Шашкин өкпе сырқатына шалдығады. Соған қарамастан ол - Иркутск медициналық институтын "фтизиатр мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1948 жылы "дипломсыз дәрігер" деген анықтама қағазымен жартылай ақталған. 3.Шашкин елге оралып, сол жылы Қарағанды қаласының Киров ауданындағы емханаға дәрігер болып орналасады. Кейін денсаулығына байланысты Ақмола облысының Бурабай ауданындағы "Бармашы" санаториясына ауысып, дәрігер-фтизиатр болып жұмысқа қабылданды. 3.Шашкин сол кездері өкпе туберкулезін көмелі ауруларын Бурабай курорты аяқ жағында

емдеудің, санаторийлерді көлді жағалата орналастырудың, көл суын тиімді пайдаланудың ғылыми-тұжырымдық негіздерін жасаған. Тіпті, ол Туберкулез ғылыми-зерттеу институтының хирургиялық корпусын Бурабайға көшіруді, хирургиялық операция жасалған адамдарға санаторийлік жағдай жасауды жетілдіруді салалық министрлік алдына мәселе етіп қойған. Талай ғасырлық тарихы бар қымызбен емдеу әдісін, халықтық медицинаның артықшылықтарын білетін ол "Бармашы" санаторийі жанына қосалқы шаруашылық құрып, бие саууды ұйымдастырды. Қымызды әм ретінде пайдалануды дәлелдеумен өмірінің сегіз жылын өткізді.

Ол ғылыми еңбекпен шұғылдана жүріп, өзін жазушылық жағынан да көрсете білді. Күндіз дәрігер, түнде жазушылықпен айналыса жүріп, 1955 жылы "Наступило утро" атты орыс тіліндегі повесін жарыққа шығарды. Осы кітаптың шығуына қол ұшын берген қызметтес болған медбике А.П.Шапошникова еді.

3.Шашкиннің қазақ әдебиетіне қосқан еңбегі зор. Оның шығармалары аз уақыттың ішінде өмірге келсе де, оқыған жанның ол еңбектердің ұлттық рухани қазынамызға елеулі үлес қосқанын байқауы қиындыққа түспейді. Суреткер жазушылықпен өмірінің тек соңғы он жылында ғана нақты айналысты, соның өзінде жоғары идеялы бірталай романдар мен повестер жазып, туған әдебиетіміздің көркемдік көкжиегін өз тарапынан кеңейтті.

Осындай заңғар тұлғалы, заманның дауыл етіне қарсы жүрген тамаша дарын иесі, көмел жазушы, халқының денсаулығы үшін күрескен дәрігер Зейін Шашкин бар болғаны 54 жыл ғана ғұмыр көшті. Өмірінің 10 жылын абақты мен айдауда, ал тағы 8 жылын жартылай ақталған күйде өткізді. Зейін Шашкин туған халқының жүрегінен өлдеқашан орын алған тұлға. Жерлестері оның әркез мақтан тұтып, еске алады. Қадірлі оқырман егер сіздер Зейін Шашкиннің жазушылығымен кеңірек танысамын десеңіздер біздің кітапханадан қажетті кітаптарыңыз пен оның шығармаларын таба аласыздар. Төменде 3.Шашкиннің бірнеше туындылары жайлы мәлімет берілген.

Шашкин З. доктор дарханов: роман. - Алматы: Паритет, 2006 жыл. 336 бет ("Алтын қор" кітапханасы). Жазушы бұл шығармасына дәрігерлер өмірін арқау ете отырып, сол кездегі өмірдің алуан-алуан салаларына үңіледі, көкейтесті проблемаларын қозғайды. Романның басты қаһарманы - дәрігер Нияз Дарханов. Барлық оқиға сол Дарханов төңірегінде құрылған. Ол - Бурабайдағы "Бармашы" санаторийінде дәрігер болып қызмет істейді. "Доктор Дарханов" романындағы Нияз, "Сенім" романындағы Айжан, "Темірқазық" повесіндегі Райхан, "Дәрігер қатесі" өңгімесіндегі Алма бейнелері - жазушының қазақ әдебиетіндегі дәрігерлер образын жасаудағы елеулі табыстары.

Зейін Шашкиннің Есмағамбет Ысмайыловқа жазған хаты // Қазақ әдебиеті. 2000 жыл. №1 сан (14 қаңтар). 76 бет.

Зейін Шашкиннің досы Есмағамбет Ысмайыловқа жазған хатын осы мақалада оқи аласыздар.

40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап.- Алматы: Ғылым, 1998 жыл. 400 беттен тұрады.

40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиетіне арналған монография, тарихи өзгерістері мол сол дәуірдің жылнамасы тәрізді. Сол кезеңдегі ақын-жазушылар Қ.Аманжолов, Ғ.Смағамбетов, А.Жұмағалиев, Ж.Самин, З.Шашкин және тағы басқа қаламгерлердің шығармашылығы кеңінен талданып, әдеби өмір шежіресі берілген. Осы кітаптың "Жаңғыру кезеңі" атты бөлімінде Зейін Шашкиннің шығармалары жайлы жазылған.

Шашкин З. Тоқаш Бокин: Роман. Алматы. "Жазушы", 1967 жыл. 413 бет.

3.Шашкиннің "Ұядан ұшқанда" повесі «Тоқаш Бокин» романының жалғасы деуге негіз бар. Себебі бұл шығармалардың сипаттайтын кезеңі ғана емес, олардың идеялық бағдарынан сабақтастық та білінеді.

Ол сабақтастық романның аяқ жағында Тоқаш Бокиннің жазушы қолынан оқыс қаза болуына байланысты жүзеге аспай қалған маңызды бір істі, оның күрескер досы ретінде бейнеленген Сақа Сағатов повесте абыроймен атқаратын тұста анық көрінеді. Соның нәтижесінде Жетісу өңірінде Кеңес өкіметінің өте қиын да күрделі жағдайда орнағаны баяндалады.

Ал енді Тоқаштың ойға алғаны қандай іс еді? Бокиннің өзі орындай алмаған қандай арманды Сақа Сағатов жүзеге асырды? Мұндай сауалдарға жауап іздетіруден бұрын Тоқаш Бокин өзек болған романды оқыңыз, аталмыш туындыдан барлық жауапты табарыңыз анық.

Қ.ТӨЛЕУБАЕВА,

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың қызметкері